

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Ақмола
филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық
іріктеудің қорытындысы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Ақмола филиалының мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясы ұсынылған құжаттар, өткізілген әңгімелесу негізінде бағалау қорытындысы бойынша конкурс жеңімпазы болып Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылым магистрі **Аубакирова Ботагөз Карабаевна** танылғанын хабарлайды.

Конкурстық комиссияның мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеудің қорытындысы туралы 2023 жылғы 19 қаңтардағы хаттамасы қоса беріледі.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Ақмола филиалының қызметкерлері
үшін мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден
өткізудің қорытындысы туралы конкурстық комиссияның
ХАТТАМАСЫ**

Көкшетау қ.

**2023 жылғы 19 қаңтар
сағат 17.00**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Ақмола филиалының қызметкерлері үшін мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу бойынша мына құрамдағы конкурстық комиссия:

Комиссия төрағасы:

Т.Е. Құсмет – директордың орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Ш.Т. Бексеитова – қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі бас маман;

А.Х. Камалиденова – бас маман-заң кеңесшісі;

Комиссия хатшысы:

Г.Н. Мукушева – бас маман-аудармашы,

конкурстық іріктеуге қатысушылар ұсынған құжаттарды қарады.

2. Конкурстық іріктеуге қатысу үшін келесі қатысушылар құжаттар ұсынды:

1) **Ботагоз Карабаевна Аубакирова** (Көкшетау қ., Абай к., 48/29, құжаттар 2023ж. 10.01. ұсынылды);

2) **Назгуль Нурболатовна Конкаева** (Көкшетау қ., Абай к., 97/37, құжаттар 2023ж. 12.01. ұсынылды);

3) **Гулим Оразбаевна Байсарина** (Көкшетау қ., Брусиловский к., 45, құжаттар 2023ж. 16.01. ұсынылды).

Қатысушылар ұсынған құжаттар тізбесі туралы ақпарат (осы Хаттамаға Қосымша) Конкурстық комиссияның отырысында барлық қатысушыларға жарияланды.

3. Қатысушылар ұсынған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша әңгімелесуге келесі үміткерлер жіберілді:

- Аубакирова Ботагоз Карабаевна;

- Гулим Оразбаевна Байсарина.

4. Әңгімелесуге Б.К. Аубакирова қатысты.

Конкурстық іріктеуге қатысушы Г.О. Байсарина конкурстық іріктеуге қатысудан бас тартатыны туралы өтінішті алдын ала ұсынып, әңгімелесуге келмеді.

5. Қаржы саласы қызметкерлерінің мемлекеттік тілді оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау мақсатында конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу кезінде:

- мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңды, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері» барлық деңгейлер үшін

Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттарын, Қазтест қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін білуін;

- тілдерді оқытуда заманауи инновациялық әдістемелер мен технологияларды меңгеруін тексерді.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша мыналар анықталды:

Конкурсқа қатысушы Б.К. Аубакирова мемлекеттік тілді жоғары деңгейде меңгерген, білімі қойылған талаптарға сәйкес келеді, қазақ тілін оқытуда, оның ішінде қаржы саласының қызметкерлері үшін жеткілікті тәжірибесі, сондай-ақ Қазтест бағдарламасы бойынша оқыту тәжірибесі бар. Тілдерді оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен технологияларын меңгерген, бұл семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарына қатысқаны туралы сертификаттармен расталады. Комиссия мүшелерінің сұрақтарына Б.К. Аубакирова дұрыс әрі толық жауап берді.

6. Конкурстық іріктеуге қатысушылар ұсынған құжаттарды қарау және әңгімелесу нәтижелері бойынша конкурстық комиссия конкурс жеңімпазын таңдауды Мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеуден өткізу тәртібіне¹ (бұдан әрі – Тәртіп) қосымшаға сәйкес бағалау парағының өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырды.

Осы критерийлер бойынша Б.К. Аубакирова 30 балл жинады (*толығырақ осы Хаттамаға 2-қосымшада*).

7. Әңгімелесу және ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ Б.А. Аубакирова конкурстық іріктеудің жалғыз кандидаты болып табылатынын ескере отырып, конкурстық комиссия ашық дауыс беру арқылы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1) мемлекеттік тілді оқыту курсы оқытушысын конкурстық іріктеудің жеңімпазы болып **Ботагоз Карабаевна Аубакирова** айқындалсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтаушылар – 3 дауыс (Т.Е. Құсмет, Ш.Т. Бексеитова., А.Х. Камалиденова).

Қарсылар – 0 дауыс.

2) бас маман-аудармашы Г.Н. Мукушева Тәртіпке сәйкес:

- кандидаттарды конкурстық іріктеудің нәтижелері жөнінде **2022 жылғы 23 қаңтардан кешіктірмей** хабардар етсін.

- конкурстық комиссияның конкурстық іріктеу қорытындылары туралы шешімін және конкурс жеңімпазы туралы ақпаратты Ұлттық Банктің интернет-ресурсында **2022 жылғы 24 қаңтардан кешіктірмей** орналастыруды қамтамасыз етсін.

Комиссия Төрағасы:



Т. Құсмет

Комиссия мүшелері:



Ш. Бексеитова



А. Камалиденова

Комиссия хатшысы:



Г. Мукушева

¹ ҚРҰБ Төрағасы орынбасарының 2021 жылғы 09 тамыздағы №134 бұйрығымен бекітілген

Конкурстық комиссияның
2023 жылғы 19 қаңтардағы
Хаттамасына
Қосымша

p/б №	Тәртіпте көзделген құжаттар	Б.К. Аубакирова	Н.Н. Конкаева	Г.О. Байсарина
		Қатысушылар ұсынған құжаттар тізбесі		
1.	Жалпы мәліметтер көрсетілген конкурстық іріктеуге қатысушылардың түйіндемесі	Бар	Бар	Бар
2.	Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі	- ҚР ӘМ 2012 ж. 14.05. берілген № 033347696 жеке куәлік көшірмесі	- ҚР ПМ 18.08.2022 ж. берілген № 053527328 жеке куәлік көшірмесі	- ҚР ПМ 18.08.2016 ж. берілген № 041632802 жеке куәлік көшірмесі
3.	Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдардың нотариат куәландырған көшірмелері	- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау педагогикалық институтының 1992 ж.25.06. ФВ - №664260 диплом көшірмесі, мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі»; - Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 2013 ж. 26.06. ЖООК-М № 0025299 магистр дипломының көшірмесі, мамандығы «Филология»	- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 30.06.2020 ж. ЖБ-Б № 0170078 диплом көшірмесі, мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиет»	- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 25.06.2003 ж. ЖБ -№ 0358343 диплом көшірмесі, мамандығы «Қазақ тілі мен әдебиет, ағылшын тілі»
4.	Ұсынымдар (бар болғанда)	жоқ	жоқ	жоқ
5.	Білімге, жұмыс тәжірибесіне қатысты басқа құжаттар (бар болғанда)	- еңбек кітапшасының көшірмесі. Біліктілікті арттыру жөніндегі сертификаттар: - ғылыми зерттеулер бойынша өткізілген семинарға қатысқаны туралы 2016 ж.28.03. сертификат; - «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жағдайында жоғары оқу орындары профессор- оқытушылар құрамының кәсіби құзыреттілігін арттыру» курсына қатысқаны туралы сертификат 2019 ж.08.11.; - «Латын жазуына негізделген жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелері» 2019 ж. - «Цифровые сервисы в учебном процессе» курсына қатысқаны	- еңбек кітапшасының көшірмесі; - неке кино туралы куәлік. Біліктілікті арттыру жөніндегі сертификаттар: «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау» бағдарламасы бойынша академиялық дәреже беру туралы сертификат	- еңбек кітапшасының көшірмесі; - неке кино туралы куәлік

	туралы сертификат, 2020 ж. 20.06.; - «Үздіксіз білім берудегі заманауи әдіс-тәсілдер» 2021 ж. 12.01.; - 2022 ж. 08.11. «Қазтест» сертификаты; - докторантураға түсу емтиханынан өткені туралы сертификат 2018 ж.11.08. Марапаттар: - 2018 ж. Тілдерді дамыту басқармасының Алғыс хаты; - 2021 ж. Көкшетау қ. Білім беру бөлімінің Алғыс хаты; - 2021 ж. Ақмола облысы әкімінің Алғыс хаты; - 2020 ж. Педагогикалық ғылым академиясының «Үздік ұстаз» төсбелгісі		
--	---	--	--

Комиссия Төрағасы:



Т. Құсмет

Комиссия мүшелері:




Ш. Бексейтова



А. Камалиденова

Комиссия хатшысы:



Г. Мукушева

Конкурстық іріктеуге қатысушыларды
бағалау парағы²

№	Бағалау өлшемшарттары	Ботагоз Карабаевна Аубакирова
1	Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңды, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері» барлық деңгейлер үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттарын, Қазтест қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін білуі	5
2	Тілдерді оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеруі	5
3	Ғылыми дәрежесінің және/немесе атағының болуы (ғылым кандидаты, ғылым докторы, Phd доктор, доцент, профессор, қауымдастырылған профессор)	
4	Білім беру саласындағы наградалардың немесе атақтардың болуы («Ы.Алтынсарин», «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілері, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғысхаты, жыл сайынғы «Үздік педагог» конкурсының жеңімпаздары, «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының жеңімпаздары	5 (жыл сайынғы «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы)
5	Қазтест жүйесі бойынша оқулықтарды, әдістемелік құралдарды әзірлеуге қатысуы	
6	Қазтест бағдарламасы бойынша оқыту тәжірибесінің болуы	5
7	Қаржы саласының қызметкерлері үшін мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесінің болуы	5
8	Орыс тілді аудиторияда мемлекеттік тілді оқыту тәжірибесінің болуы	5
	Жиынтығы (балл саны):	30

Комиссия Төрағасы:

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:

Т. Құсмет

Ш. Бексеитова

А. Камалиденова

Г. Мукушева

² 1 және 2-өлшемшарттар 5 балдық жүйе бойынша бағаланады, 3, 4, 5, 6, 7-өлшемшарттардың болғаны үшін қатысушыға әрбір өлшемшарт үшін 5 балдан беріледі.